**Қазақстан Республикасында доңғалақты тракторларды, соған қоса олардың базасында жасалған өзі жүретін шассилер мен механизмдерді, сондай-ақ доңғалақты тракторлар құрамында жүруге арналған тіркемелерді мемлекеттік тіркеу және олардың техникалық жай-күйіне тексеру жүргізу ережесін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2002 жылғы 16 қыркүйектегі N 282 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 17 қазанда тіркелді. Тіркеу N 2015/1. Күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2003 жылғы 8 қыркүйектегі N 467 бұйрығымен ( V032564).

"Қазақстан Республикасында ауыл шаруашылық және мелиоративтік техниканың есебін жүргізу, оны мемлекеттік тіркеу және техникалық жай-күйін тексеру мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 30 шілдедегі N 846 қаулысын орындау үшін бұйырамын:

1. Ұсынылып отырған Доңғалақты тракторларды, соған қоса олардың базасында жасалған өзі жүретін шассилер мен механизмдерді, сондай-ақ доңғалақты тракторлар құрамында жүруге арналған тіркемелерді мемлекеттік тіркеу және олардың техникалық жай-күйіне тексеру жүргізу ережесі бекітілсін.

2. Ауыл шаруашылығы машиналарын жасау және техникалық саясат департаменті (Доскенов М.Ж.) заңнамалармен белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін;

2) осы бұйрықтан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

3. Осы бұйрықты орындауды қадағалау вице-министр Д. Айтжановқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары-Министр*

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы Министрінің

2002 жылғы 16 қыркүйектегі
N 282 бұйрығымен бекітілген

**Доңғалақты тракторларды, соған қоса олардың базасында жасалған өзі жүретін шассилер мен механизмдерді, сондай-ақ доңғалақты тракторлар құрамында жүруге арналған тіркемелерді мемлекеттік тіркеу және олардың техникалық жай-күйіне тексеру жүргізу ЕРЕЖЕСІ**

Доңғалақты тракторларды, соған қоса олардың базасында жасалған өзі жүретін шассилер мен механизмдерді, сондай-ақ доңғалақты тракторлардың құрамында жүруге арналған тіркемелерді (бұдан әрі - машиналар) мемлекеттік тіркеу және олардың техникалық жай-күйіне тексеру Қазақстан Республикасының заңнамалары негізінде жүргізіледі және олардың жол қозғалысына қатысуына мемлекеттік рұқсат шарасы болып табылады. Бұл шаралар машиналардың құрылмаларының, техникалық жай-күйі мен жабдықталуының жол қозғалысы қауіпсіздігі талаптарын, оларды сатып алу, пайдалану, тәркілеу және жарамсыз деп табу тәртіптерін сақтау және оларға орталықтандырылған, аймақтық мониторинг жүргізу мақсаттарында жүзеге асырылады.

Осы Ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) машиналарды мемлекеттік тіркеу - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі аумақтық басқармаларының Мемлекеттік техникалық инспекцияларының (бұдан әрі - Мемтехинспекция) машиналарды тіркеу, олардың жол қозғалысына қатысуына рұқсат берілгендігін растайтын мемлекеттік нөмірлік белгілер мен тіркеу құжаттарын беру бойынша Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асыратын қызметі;

2) тіркеу іс-әрекеттері - бұл машиналарды тіркеуді жүргізу бойынша, тіркеуге өзгеріс енгізу және машиналарды тіркеуден шығару, тиісті тіркеу құжаттарын және нөмірлік белгілер беру, жоғалған нөмірлік белгілер мен тіркеу құжаттарының, пайдалануға жарамсыз, бекітілген үлгідегі стандарттарға сәйкес емес немесе қолдану мерзімі өтіп кеткен тіркеу құжаттарының орнына басқа тіркеу құжаттарын (телқұжаттарын) және нөмірлік белгілерін беру жөніндегі тіркеу пункттерінің қызметі;

3) тіркеудегі өзгеріс (қайта тіркеу) - тиісті құқықтық негіз болған жағдайларда машиналардың тіркеу мәліметтеріне және құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

4) тіркеу пункті - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің облыстық, аудандық, Астана және Алматы қалалық аумақтық

басқармаларының Мемтехинспекциялары;

5) нөмірлік агрегат - зауыттық тіркеу нөмірі бар (двигатель, шасси, рама) машинаның негізгі құрамдық тораптары;

6) меншік иесі - заңнамаларға сәйкес өз меншігіндегі машинаға өз қалауы бойынша иемденуге, пайдалануға және билік етуге құқылы тұлға;

7) иеленуші - меншік иесі құқығына немесе басқа да заңнамалық негіздерге байланысты ағымдағы уақытта машинаны нақты иеленуші тұлға;

8) тіркеу құжаттары - машиналардың жол қозғалысына қатысуына және пайдаланылуына рұқсат берілгенін растайтын ресми құжаттар болып табылатын техникалық паспорттар (1-қосымша);

9) машиналардың техникалық жай-күйін тексеру - Мемтехинспекцияның машиналардың техникалық жай-күйін олардың құрылмасының қауіпсіздік талаптарына, атап айтқанда Қазақстан Республикасында қолданылатын жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қоршаған ортаны қорғау бойынша белгіленген стандарттар мен ережелер талаптарына сәйкестігін бағалау қызметі.

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының барлық аумақтарында заңды және жеке тұлғалардың иелігіндегі машиналарды мемлекеттік тіркеудің және техникалық жай-күйіне тексеру жүргізудің бірыңғай тәртібін белгілейді, сондай-ақ Мемтехинспекцияның көрсетілген саладағы қызметін регламенттейді.

Белгіленген тәртіпте тіркелмеген машиналарды Қазақстан Республикасы Заңнамаларында көзделгеннен басқа жағдайларда пайдалануға рұқсат етілмейді.

2. Ереже барлық машиналардың меншік иелері мен иеленушілері үшін міндетті.

3. Машиналарды тіркеуді, тіркеуден шығаруды, тіркеуге өзгерту енгізуді, машиналардың техникалық жай-күйін тексеруді тіркеу пункттері жүргізеді.

4. Машиналардың меншік иелері, сондай-ақ осы Ережеде көзделген басқа тұлғалар олардың меншік иелігіне (иеленуге) машиналардың келіп түскен, шыққан немесе тіркеу құжаттарына өзгерту енгізуді талап ететін өзге міндеттер пайда болған сәттен бастап, 10 жұмыс күні ішінде тіркеу пункттерінің тіркеу, тіркеуге өзгеріс енгізу немесе тіркеуден шығару бойынша тиесілі тіркеу іс-әрекеттерін іске асыру үшін осы ережелермен бекітілген барлық іс-әрекеттерді жасауға міндетті.

5. Тіркеуге босатылған уақыт аралығында қолданыстағы Жолда жүру ережелеріне (8-қосымша) сәйкес, машинаны тек тіркеу пунктіне баруға, техникалық жай-күйін тексеруге ұсынуға және алда тұрған тіркеу іс-әрекеттерін орындау үшін ғана пайдалануға рұқсат беріледі.

6. Тіркелетін машиналардың құрылмасы Қазақстан Республикасында қолданылатын қауіпсіздік талаптарына, атап айтқанда жол қозғалысы

қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қоршаған ортаны қорғау бойынша белгіленген стандарттар, ережелер мен нормативтер талаптарына сәйкес болуы тиіс.

7. Құрылмасына қолданыстағы мемлекеттік стандарттарға және ережелерге сәйкес емес өзгерістер енгізілген және белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін машиналар тіркеу іс-әрекеттерін жүргізуге қабылданбайды.

8. Машинаның меншіктік құқығын растайтын тіркеу іс-әрекеттерін жүргізуге ұсынылатын құжаттар (нөмірлік агрегаттар) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалар нормаларына сәйкес болуы және оларда мыналар көрсетілуі тиіс: олардың жасалу уақыты мен орны, өкілетті тұлғаның қолы, машина туралы мәліметтер (марка, модель, шығарушы зауыт, шыққан жылы, шассидің, раманың және двигательдің зауыттық нөмірлері).

9. Тіркеудің іс қағаздарын жүргізу, тіркеуді және тіркеу пункттері беретін өзге құжаттарды ресімдеу мемлекеттік және орыс тілдерінде жүргізіледі.

10. Машиналарға басқа тілде жазылған меншік құқығын растайтын және тіркеу әрекеттерін жүргізу үшін ұсынылатын өзге де құжаттар мемлекеттік және орыс тілдеріне аударылуы және оларда аударманың бір тілден екінші тілге дұрыс аударылуын куәландыратын нотариустың немесе осындай әрекет істеу құқығына ие лауазымды тұлғаның қолы болуы тиіс.

11. Тіркеу пункттерінің қызметкерлері машиналардың меншік иелеріне ( иеленушілеріне) тіркеу іс-әрекеттерін жүргізу сұрақтары бойынша түсініктемелер беруге, міндеттерін түсіндіруге, олардың құқықтарының орындалуына және мүдделерін қорғауға көмектесуге міндетті.

12. Тіркеу пункттерінің қызметкерлеріне тіркеу әрекеттерін жүргізуге байланысты белгілі болған мәліметтерді Қазақстан Республикасында қолданылатын заңнамаларда көзделгендегіден басқа жағдайларда жариялауға рұқсат етілмейді.

13. Осы Ережелердің талаптарын бұзған тұлғалар, Қазақстан Республикасында қолданылатын заңнамаларға сәйкес жауапқа тартылады.

14. Тіркеу құжаты машинаның жол қозғалысына қатысуына, пайдалануға рұқсат берілгендігін растайтын және машинаның мемлекеттік тіркеуге қойылғандығын куәландыратын ресми құжатқа жатады.

## 2. Тіркеу пункттерінің жүргізетін іс-әрекеттері

15. Тіркеу пункттері тіркеу іс-әрекеттерінен басқа мынадай іс-әрекеттерді жүргізеді:

1) машиналардың техникалық жай-күйін тексеру актісін береді (2-қосымша);

2) заңнамада көзделген жағдайларда тіркелген машиналарды тіркеуден шығаруға шектеу енгізеді;

3) тіркеу іс-әрекеттері жөнінде анықтамалар береді;

4) жыл сайын машиналардың техникалық жай-күйіне тексеру жүргізеді.

16. Тіркеу пункті берген тіркеу және өзге құжаттар тиісті тіркеу пунктінің инженер-инспекторының қолымен және мөрімен куәландырылады. Құжаттарды, сондай-ақ нөмірлік белгілерді алу фактісі машиналарды тіркеу кітабында иеленушінің қолымен куәландырылады (5-қосымша).

## 3. Тіркеу іс-әрекеттерінің жалпы шарттары мен машиналарды мемлекеттік тіркеу тәртібі

17. Егер заңнамаларда өзге жағдайлар көзделмесе, машиналар меншік иесіне тіркеледі, бұл жағдайда тиісті тіркеу іс-әрекеттеріне меншік иесі бастамашы болып кіріседі. Бұл жағдайда меншік иелері үшінші тұлғаларға иелену құқықтарын заңнамаларда көзделген аренда, субаренда, лизинг, сублизинг, кепілге салу немесе басқа да негіздер күшімен берсе, аталған тұлғалардың өзінде машиналардың жол қозғалысына қатысуы және оларды пайдалану үшін келесі құжаттардың болуы тиіс:

1) меншік иесіне ресімделген, машинаның тіркеу құжатының нотариус куәландырған көшірмесі;

2) осы тұлғаның машинаны иелену негізін растайтын құжаттардың (жалдау, субъективті жалдау, лизинг, сублизинг, кепілге салу келісім шарттары немесе қолданыстағы заңнамаларға сәйкес басқа да құжаттар) нотариус куәландырған көшірмесі.

18. Заңнама шарттары бойынша меншік иесі болып табылмайтын тұлғалардың бастамаларымен тіркеу іс-әрекеттерін жүргізуі жағдайларында тіркеу құжаттарындағы ерекше белгілер бағанында машинаның меншік иесінің атауы мен бастамашы тұлғаның машинаны иелену негізі көрсетіледі.

Бұл тұлғалардың үшінші тұлғаларға заңнамаларда көзделген тәртіппен аренда , субаренда, лизинг, сублизинг, кепілге салу немесе басқа да негіздер күшімен машинаны иелену құқығын беретін жағдайында, үшінші тұлғалардың өзінде машиналардың жол қозғалысына қатысуы және оларды пайдалану үшін мына құжаттардың болуы тиіс:

1) меншік иесі болып табылмайтын тұлғаға ресімделген, машинаның тіркеу құжатының нотариус куәландырған көшірмесі;

2) машинаның үшінші тұлғаның иелігінде болуы негізін растайтын құжаттың (аренда, субаренда, лизинг, сублизинг, кепілге салу келісім шарттары немесе қолданыстағы заңнамаларға сәйкес басқа да құжаттар) нотариус куәландырған көшірмесі.

19. Тіркеу іс-әрекеттеріне жатқызылатын машина жалпы меншік иелігінде болған жағдайда тіркеу құжаттарында барлық меншік иелері көрсетіледі және құжаттар барлық меншік иелері аттарынан беріледі.

Заңнамаларда көзделген рұқсаттар (лицензиялар) негізінде машиналар сататын және өз шаруашылықтарында машиналарды пайдаланбайтын машина

жасаушы зауыттар, сауда және басқа ұйымдары сатуға арналған машиналарды тіркемеуге құқылы.

20. Машиналар жеке тұлғалардың атына тұрақты тұрғын орны бойынша, ал заңды тұлғаның атына орналасқан орны бойынша тіркеледі.

21. Машинаның меншік иесі болып саналмайтын тұлғаларына мемлекеттік тіркеу жүргізілетін жағдайда, алдын-ала машинаның меншік иесінің жазбаша келісімінсіз тиісті тіркеу іс-әрекеттерін жүргізуге болмайды. Осы тармақты бұзып жүргізілген тіркеу іс-әрекеттері тіркеу жүргізілген сәттен бастап жарамсыз деп табылады.

22. Қолданыстағы заңнамаларда көзделген жағдайлардан басқа тіркеу іс-әрекеттерін жүргізерде олардың бастамашылары нөмірлік агрегаттарының тіркеу мәліметтеріне сәйкестігін тексерту үшін машиналарды тіркеу пунктіне тексеруге ұсынуға міндетті.

Тексеру процесінде мыналар жүзеге асырылады:

1) машина құрылмасының қауіпсіздігін регламенттеуші Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілері талаптарына сәйкес, тіркелетін машина құрылмасының қауіпсіздігін бақылау;

2) нөмірлік агрегаттардың зауыттық нөмірінің және нөмірлік белгілердің машина құжатындағы нөмірлерге сәйкестігін тексеру;

3) машиналардың меншік иелерінің немесе иеленушілерінің Ережемен бекітілген тіркеуге қоюға берілген мерзімді сақтауын бақылау.

23. Машинаны тіркеу пунктіне тексеруге ұсынуға кедергі болатын объективті жағдайлар пайда болғанда, олардың тұрған жеріндегі Мемтехинспекциясы жасаған, инженер-инспектордың қолымен және мөрімен куәландырылған тексеру актісін (2-қосымша) ұсынуға жол беріледі, бұл жерде актінің қолданылу мерзімі 20 тәулікті құрайды.

24. Тіркеу пунктінің қызметкерлері тіркеу іс-әрекеттерін жүргізу кезінде жеке басын куәландыратын құжаттар негізінде машиналардың меншік иелерінің, иеленушілерінің немесе олардың өкілдерінің жеке басын анықтайды.

25. Меншік иесі немесе иеленушінің өкілі тіркеу іс-әрекетіне өтініш бергенде оның өкілеттілігі берілген сенімхатты заңнамада көзделген тәртіп бойынша тексеру арқылы расталады. Заңды тұлға өкілінің өкілеттілігі жетекшінің қолы мен заңды тұлға мөрі қойылған сенімхат арқылы расталады.

26. Тіркеу іс-әрекеттері, сонымен қатар осы Ережелерден туындайтын іс-әрекеттер тіркеу пункттерінде машиналардың тіркелген орындары бойынша жүргізіледі. Аталған іс-әрекеттерді басқа жерде жүргізу туралы шешім машинаны тіркелген орны бойынша тіркейтін пункт пен тіркеу іс-әрекеттерін жүргізу жобаланған пункт арасындағы келісім арқылы қабылданады.

27. Машинаның меншік иесі болып саналмайтын тұлғаларына мемлекеттік тіркеу немесе басқа да тіркеу іс-қимылдары жүргізілетін жағдайда, машинаның тіркелген тұлғаның иеленуінен шығуы немесе аталған тұлғаның машинаны бұдан әрі иелену құқығынан айрылуы меншік иесінің бастамасымен тиісті тіркеу іс-әрекеттерін жүргізуге және кейіннен машинаны меншік иесі атына тіркеуге негіз болады.

28. Жеке тұлғалар тіркеу іс-қимылдарын жүргізу үшін тіркеу пунктіне мыналарды ұсынады:

1) өтініш (3-қосымша);

2) тіркеу іс-әрекеттерін жасауға өтініш жасаған азаматтың жеке басын куәландыратын құжатының түпнұсқасы мен көшірмесі;

3) машинаны мемлекеттік тіркеуге, қайта тіркеуге және тіркеу құжатының телқұжатына алым төленгені жөніндегі құжат;

4) машинаның өзін, егер ұқсату (жарамсыз деп табу, есептен шығару) жағдайлары болмаса, сондай-ақ осы Ережелердің 23 пунктінде анықталған жағдайларда;

5) нотариус куәландырған келісім-шарттың (сату-сатып алу, айырбастау, сыйға тарту, қарызға беру және т.б.) және машинаны қабылдау-беру актісінің немесе машинаға меншік құқығын растайтын құжаттардың (анықтама-шот, соттың шешімі және өзге де заңнамада көзделген құжаттар) көшірмесі;

6) машинаның тіркеу құжаты мен мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісі үшін төлемді растайтын құжат;

7) машинаның белгіленген қауіпсіздік техникасы талаптарына сәйкестігін растайтын сертификат немесе басқа да құжат;

8) осы Ережеге белгіленген жағдайларда тіркеу пунктіне ұсынылуға тиісті өзге де құжаттар.

29. Машиналардың заңды тұлға-иелері мемлекеттік тіркеу іс-қимылдарын жүргізу үшін тіркеу пунктіне мыналарды ұсынады:

1) Заңды тұлғаның мөрі мен оның бірінші басшысының қолы қойылған өтініші (4-қосымша);

2) машинаны мемлекеттік тіркеуге, қайта тіркеуге және тіркеу құжатының телқұжатына алым төленгені жөніндегі құжат;

3) машинаның өзін, егер ұқсату (жарамсыз деп табу, есептен шығару) жағдайлары болмаса, сондай-ақ осы Ережелердің 23 пунктінде анықталған жағдайларда;

4) заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелу (қайта тіркелу) куәлігінің нотариус куәландырған көшірмесі;

5) машинаның тіркеу құжаты және мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісі үшін төлемді растайтын құжат;

6) машинаның меншік иесі куәландырған келісім-шарттың (сату-сатып алу, айырбастау, сыйға тарту, қарызға беру және т.б.) және машинаны қабылдау-беру актісінің немесе машинаға меншік құқын растайтын құжаттардың (анықтама-шот , соттың шешімі және өзге де заңнамада көзделген құжаттар) көшірмесі;

7) машинаның белгіленген қауіпсіздік техникасы талаптарына сәйкестігін растайтын сертификат немесе басқа да құжат;

8) осы Ережеге белгіленген жағдайларда тіркеу пунктіне ұсынылуға тиісті өзге де құжаттар.

30. Меншік иесі немесе иеленуші атынан тіркеуді олардың өкілдері жүргізген жағдай орын алса, онда олар тіркеу пунктіне осы Ережелердегі жеке тұлғаларға арналған 28-тармақтың 1)-7)-тармақшаларында және заңды тұлғаларға арналған 29-тармақтың 1)-7)-тармақшаларында белгіленген құжаттардан басқа өкіл-тұлғаның тіркеу іс-әрекеттерін жүргізу кезінде меншік иесінің немесе иеленушінің мүдделерін білдіру жөніндегі өкілеттілігін куәландыратын құжаттарды ұсынуы қажет.

31. Егер, мемлекеттік тіркеуге Қазақстан Республикасында бұрын мемлекеттік тіркеуде болмаған машина ұсынылса, онда иеленушілер тіркеу пунктіне осы Ережелердегі жеке тұлғаларға арналған 28-тармақтың 1)-7)-тармақшаларында және заңды тұлғаларға арналған 29-тармақтың 1)-7)-тармақшаларында белгіленген құжаттардан басқа жасаушы-зауыт берген формулярдың көшірмесін ұсынуға міндетті.

32. Егер, мемлекеттік тіркеуге Қазақстан Республикасында бұрын мемлекеттік тіркеуде болған машина ұсынылса, онда иеленушілер тіркеу пунктіне осы Ережелердегі жеке тұлғаларға арналған 28-тармақтың 1)-7)-тармақшаларында және заңды тұлғаларға арналған 29-тармақтың 1)-7)-тармақшаларында белгіленген құжаттардан басқа бастапқы тіркеу құжатын ұсынуға міндетті, бірақ аталған құжатты ұсынбау мемлекеттік тіркеу жүргізбеуге негіз болмайды.

33. Егер, машинаны иеленуші мен меншік иесі бір тұлға ретінде үйлеспесе, онда иеленушілер тіркеу пунктіне осы Ережелердегі жеке тұлғаларға арналған 28 -тармақтың 1)-7)-тармақшаларында және заңды тұлғаларға арналған 29-тармақтың 1)-7)-тармақшаларында белгіленген құжаттардан басқа келісім-шарттың (жалдау, субъективті жалдау, лизинг, сублизинг, кепілге беру және басқалар) нотариус куәландырған көшірмесін және машинаны қабылдау-беру актісінің немесе машинаны иелену құқығын растайтын өзге құжатты, сонымен қатар меншік иесінің мемлекеттік тіркеу жүргізуге қол қойылған (жеке тұлғаларға) немесе бірінші басшы қол қойып, мөрмен куәландырылған (заңды тұлғаларға) жазбаша келісімін ұсынуға міндетті.

34. Заңды және жеке тұлғалар аукциондар мен сауда биржалары арқылы сатып алған машиналарды тіркеу, олардың нақты иелерге сатылғаны туралы тиісті мөрлер және өкілетті тұлғалардың қолдары куәландырған аукциондық және биржалық анықтамалар негізінде жүргізіледі.

35. Өздігінен құрастырылған және дайындалған машиналар олардың Қазақстан Республикасы стандарттарына сәйкестігін растайтын өкілетті орган куәландырған құжаттарын (сәйкестік сертификаты) ұсыну және олардың құрылмасының жол қозғалысы қауіпсіздігіне сәйкестігі бойынша тіркеу іс-әрекеттеріне қабылданады.

36. Тіркелген, техникалық жарамды машиналарға белгіленген үлгідегі тіркеу құжаттары, техникалық жағдайын тексеруден өткені туралы талондар (11-қосымша) және "Көлік құралдары және олардың тіркемелері үшін қаптамалы жарықшағылыстырғышты мемлекеттік белгілер" ҚР 986-95 СТ нысаны бойынша тиісті түрдегі нөмір белгілері беріледі. Бір машинаға бір нөмірлік белгі беріледі.

Тіркеу құжаттары мен нөмірлік белгілер қатаң түрде олардың цифрлық нөмірлерінің өсуі ретімен беріледі.

37. Жоғалтқан, жарамсыз болған, қолданыстағы стандартқа сәйкес емес немесе жарамдық мерзімі біткен тіркеу құжаттары мен мемлекеттік нөмірлік белгілерінің орнына берілетін құжаттар мен нөмірлік белгілер, иеленушілердің өтінішімен, машинаны тіркеу орны бойынша, айырбастауды негіздей отыра беріледі.

38. Тіркелген машиналарға жүргізілген тіркеу іс-әрекеттері мен олардың иеленушілері жөніндегі анықтамалар жазбаша сұранымдар негізінде мыналарға беріледі:

1) Қазақстан Республикасы заңнамаларында көзделген жағдайларда өкілетті мемлекеттік органдарға;

2) машиналардың меншік иелері мен иеленушілеріне.

39. Кепілдікке немесе басқа да жүктемеге қойылған машиналар тарапына тіркеу жасау іс-әрекеттерін кепіл ұстаушының немесе тиісті жүктеме түрі пайдасына шешілген тұлғаның ондай тіркеу іс-әрекеттерін жүргізуге жазбаша келісімінсіз жүргізуге болмайды.

40. Осы Ережеге сәйкес тиісті тіркеу іс-әрекетін жүргізу үшін тіркеу пунктіне ұсынуға тиісті құжаттар болмаса тіркеу іс-әрекеттерін жүргізуге болмайды.

## 4. Машиналарды тіркеуге өзгерістер енгізу (қайта тіркеу)

41. Машиналарды қайта тіркеу мынадай жағдайда жүргізіледі:

1) жалпы меншік құқығы пайда болғанда, тоқтатылғанда және жалпы меншік иелері өзгергенде;

2) машина тіркелген тұлғаның мекен-жайы (заңды тұлға мекен-жайы) өзгергенде, егер жаңа мекен-жай машинаны тіркеуге алған тіркеу пунктінің

қызмет ететін аумағында болса;
3) машина тіркелген тұлғаның тегі, аты-жөні (атауы) өзгергенде;
4) қайта жабдықтау немесе агрегаттарын алмастыру, арнаулы жабдық орнату және өзге де ұқсас өзгертулер салдарынан машинаның тұрпаты мен моделі өзгергенде.

42. Жеке тұлғалар қайта тіркеу іс-әрекеттерін жүргізу үшін тіркеу пунктіне мыналарды ұсынады:

1) жалпы меншік құқығы пайда болғанда, тоқтатылғанда, жалпы меншік иелері өзгергенде және машина тіркелген тұлғаның мекен-жайы өзгергенде осы Ережелердегі 28-тармақтың 1)-7)-тармақшаларында және 30, 32, 33 тармақтарда көрсетілген құжаттарды;

2) машина тіркелген тұлғаның тегі, аты-жөні өзгергенде осы Ережелердегі 28-тармақтың 1)-7)-тармақшаларында және 30, 32, 33 тармақтарда көрсетілген және қолданыстағы заңнамаларға сәйкес осы өзгерістерді растайтын құжаттарды;

3) қайта жабдықтау немесе агрегаттарын алмастыру, арнаулы жабдық орнату және өзге де ұқсас өзгертулер салдарынан машинаның тұрпаты мен моделі өзгергенде осы Ережелердегі 28-тармақтың 1)-7)-тармақшаларында және 30, 32, 33, 35 тармақтарда көрсетілген құжаттарды және қайта жабдықтаудан кейін тіркеу пунктінде жасалған машинаның техникалық жай-күйін тексеру актісін.

43. Заңды тұлғалар қайта тіркеу іс-әрекеттерін жүргізу үшін тіркеу пунктіне мыналарды ұсынады:

1) жалпы меншік құқығы пайда болғанда, тоқтатылғанда, жалпы меншік иелері өзгергенде және машина тіркелген заңды тұлғаның мекен-жайы өзгергенде осы Ережелердегі 29-тармақтың 1)-7)-тармақшаларында және 30, 32, 33 тармақтарда көрсетілген құжаттарды;

2) машина тіркелген заңды тұлғаның атауы өзгергенде осы Ережелердегі 29-тармақтың 1)-7)-тармақшаларында және 30, 32, 33 тармақтарда көрсетілген және қолданыстағы заңнамаларға сәйкес осы өзгерістерді растайтын құжаттарды;

3) қайта жабдықтау немесе агрегаттарын алмастыру, арнаулы жабдық орнату және өзге де ұқсас өзгертулер салдарынан машинаның тұрпаты мен моделі өзгергенде осы Ережелердегі 29-тармақтың 1)-6)-тармақшаларында және 30, 32, 33, 35 тармақтарда көрсетілген құжаттарды және қайта жабдықтаудан кейін тіркеу пунктінде жасалған машинаның техникалық жай-күйін тексеру актісін.

44. Қайта тіркеуді іске асыру үшін жеке және заңды тұлғалар 28 тармақтың 1)-7)-тармақшаларында, 29 тармақтың 1)-7)-тармақшаларында, 30, 32, 33 тармақтарда көрсетілген құжаттардан өзге тіркеу пунктіне осы Ережелердегі 41 тармақпен бекітілген жағдайлардың туындау фактісін және машинаны қайта тіркеуге негіз болуын растайтын нотариус куәландырған құжаттар көшірмесін ұсынады.

45. Тораптары мен нөмірлік агрегаттарының нөмірлері тіркеу құжаттарына сәйкес келмейтін машинаны тіркеуге өзгерістер енгізу Мемтехинспекция органдарында қабылданған шешімдер негізінде жүргізіледі.

46. Осы Ережелерде көзделген құжаттар болмаса тіркеуге өзгерістер енгізу жүргізілмейді.

**5. Машиналарды тіркеуден шығару**

47. Машиналарды тіркеуден шығару мына жағдайларда жүргізіледі:

1) машина тіркелген тұлғаның мекен-жайы (заңды тұлға мекен-жайы) өзгергенде, егер жаңа мекен-жай машинаны тіркеген тіркеу пунктінің қызмет ететін аумағынан тысқары болғанда;

2) машинаға меншік иесі құқығының жойылғанында;

3) машинаны ұқсатқанда (жарамсыз деп тапқанда, есептен шығарғанда);

4) машинаны Қазақстан Республикасы аумағынан тысқары шығарғанда;

5) тіркеу орнын ауыстыруға басқа негіздер пайда болғанда.

48. Жеке тұлғалар машиналарды тіркеуден шығару үшін (ұқсату жарамсыз деп табу, есептен шығару жағдайларынан өзге жағдайларда) тіркеу пунктіне осы Ережелердегі 28-тармақтың 1), 2), 4), 5) тармақшаларында, 30, 32, 33 тармақтарда көрсетілген құжаттарды ұсынады.

49. Заңды тұлғалар машиналарды тіркеуден шығару үшін (ұқсату жарамсыз деп табу, есептен шығару жағдайларынан өзге жағдайларда) тіркеу пунктіне осы Ережелердегі 29-тармақтың 1), 3), 4), 6) тармақшаларында, 30, 32, 33 тармақтарда көрсетілген құжаттарды ұсынады.

50. Ұқсатуға (жарамсыз деп табуға, есептен шығаруға) жататын машиналарды тіркеуден шығару үшін жеке тұлғалар осы Ережелердегі 28-тармақтың 1), 2), 5) тармақшаларында, 30, 32, 33 тармақтарда көрсетілген, заңды тұлғалар 29 тармақтың 1), 4), 6) тармақшаларында, 30, 32, 33 тармақтарда көрсетілген құжаттарды және тіркеу орны бойынша тіркеу пункті жасаған машинаны тексеру актісін (2-қосымша) ұсынады. Тіркеу құжаттары мен нөмірлік белгілер тіркеу пунктіне тапсырылады. Ұқсатылатын машиналардың тіркеу құжаттары мен нөмірлік белгілер болмаса өтініштерде олардың жоғалу себебі көрсетіледі.

51. Тіркеу құжаттарында меншік иелері мен иеленушілердің өтініштерінде көрсетілген машинаны тіркеуден шығарудың мән-жайына сәйкес тіркеу пунктінің мөрімен куәландырылған жазулар жүргізіледі.

Меншік иесінің, иеленушінің тұрғылықты мекен-жайы (заңды тұлғаның мекен-жайы) өзгеруіне байланысты облыс көлемінде Астана және Алматы қалалары шектерінде тіркелген машинаны тіркеуден шығарғанда мемлекеттік нөмірлік белгілер тапсырылмайды. Машинаның тіркеу журналына тиісті белгі қойылады.

52. Машина сот шешімі негізінде тіркеуден шығарылуы мүмкін.

53. Машинаны тіркеуден шығарғанда тіркеу құжаттарына тіркеуден шығарудың себептері жазылады.

54. Машинаның нөмірлік агрегаттары нөмірлерінің тіркеу құжатына сәйкес келмеген жағдайда, тіркеу пунктінің қабылдаған шешімдері (қорытынды) негізінде тіркеуден шығарылады.

## 6. Тіркелген машиналардың мониторингі

55. Машиналарды тіркеу кезінде олар туралы барлық қажетті мәліметтер машиналарды тіркеу кітабына (5-қосымша) жазылады.

56. Облыстың, Астана және Алматы қалаларының шегінен шығу салдарынан машинаны тіркеуден шығару кезінде, сондай-ақ меншік құқығы өзгерген жағдайда машиналарды тіркеу кітабына тиісті жазу жүргізіледі және нөмір белгілерін тапсырғаны туралы белгі қойылады.

57. Облыс көлемінде бір елді мекеннен екінші елді мекенге ауысуға байланысты машинаны тіркеуден шығарғанда тіркеу пункті осы Ереженің 58 тармағында баяндалған әрекеттерді (нөмірлік белгілерді тапсырудан басқа) жасайды.

## 7. Машиналардың нөмір белгілері мен тіркеу құжаттарын әзірлеу, тіркеу және сақтау тәртібі

58. Тіркеу құжаттары ретінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі белгілеген үлгілер бойынша дайындалған арнайы өнім қолданылады.

59. Келіп түскен арнайы өнімнің (нөмір белгілері, тіркеу құжаттары) сандық есебі арнайы өнімнің келіп түсу және жұмсалу кітабы бойынша жүргізіледі (6-қосымша).

60. Нөмір белгілері мен техникалық паспорттарды тұтыну есебі, берілген тіркеу құжаттары мен нөмір белгілерінің сериялары мен нөмірлері қатаң түрде нөмір тәртібі бойынша жазылып, машиналарды тіркеу кітабында жүргізіледі.

61. Толтыру кезінде бүлінген тіркеу құжаттарының бланкілері, келесі тексеру кезінде оларды қайта пайдалануды жоятын құралдармен және жолдармен жарамсыздандырылады, бұл жөнінде тиісті акті жазылады.

62. Пайдалануға жарамсыз деп табылған нөмірлік белгілер, келесі тексеру кезінде оларды қайта пайдалануды жоятын құралдармен және жолдармен жарамсыздандырылады, бұл жөнінде тиісті акті жазылады.

63. Тіркеуге, тіркеуге өзгерістер енгізуге, машиналарды тіркеуден шығаруға, нөмір белгілерін беруге немесе ауыстыруға негіз болған құжаттар жазылатын машиналарды тіркеуді есепке алу кітаптарындағы жазуға сәйкес кезекпен бөлек істерге тігіледі және он жыл бойы сақталады.

## 8. Машиналардың техникалық жай-күйін тексеруді ұйымдастыру жөніндегі іс-шаралар

64. Мемтехинспекция органдары заңды және жеке тұлғалардың келісімімен техникалық тексерудің облыстық, аудандық Астана және Алматы қалалық кестесін жасайды, осы кестеде техникалық тексерудің өткізілетін орны, күнтізбектегі күндері және өткізілетін уақыты туралы мәліметтер болуы тиіс. Облыстар, Астана және Алматы қаласы бойынша жиынтық кестені Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің облыстық аумақтық және Астана және Алматы қалалық басқармасының бастығы бекітеді.

65. Облыстың (ауданның, қаланың) Мемтехинспекциясының инженер-инспекторы техникалық тексерудің басталуына 30 күн қалғанға дейін кешіктірмей машиналарын техникалық тексеруге беру мерзімдері, шарттары мен тәртібі және белгіленген салықтар мен алымдарды төлеу туралы жергілікті басылымда жариялау арқылы машиналардың меншік иелерін (иеленушілерді) хабарландыруға міндетті.

66. Жыл сайынғы машиналардың техникалық жай-күйін тексерудің мерзімін көктемгі дала жұмыстары алдында және жиым-терім кезінде машиналардың тұрған жеріндегі Мемтехинспекция белгілейді.

Машиналардың техникалық жай-күйіне тексеру ауыл шаруашылығы жұмыстарының басталуына екі апта қалғанда аяқталуы тиіс.

67. Заңды тұлғалар машинаның техникалық жай-күйін тексеруге мынадай құжаттарды ұсынады:

1) маркасын және моделін, шыққан жылын, машинаның және двигательдің зауыттық нөмірін, инвентарлық нөмірін, серия және мемлекеттік нөмірлік белгісін көрсетіп баланста тұрған машиналардың тізімін;

2) машинаның тіркеу құжаттары;

3) заңды тұлғаның мөрімен куәландырылған машинаның техникалық жай-күйін тексеру актісі (7-қосымша) (2 дана).

68. Жеке тұлғалар машинаның техникалық жай-күйін тексеруге мынадай құжаттарды ұсынады:

1) жеке басын куәландыратын құжат;

2) азаматтың меншік иесінің мүддесін қолдайтынын куәландыратын құжат;

3) техникалық тексеруге ұсынылған машинаны басқаруға рұқсат етілген белгілері бар куәлікті;

4) машинаның тіркеу құжаттары.

## 9. Машинаның техникалық жай-күйіне тексеру жүргізу тәртібі

69. Машиналардың техникалық жай-күйіне тексеру олардың тұрақты тіркелген жерінде өткізіледі.

70. Меншік иелері, иеленушілер иелігіндегі машиналарды өз уақытында және белгіленген жерге техникалық жай-күйін тексеруге ұсынуға міндетті. Белгіленген мерзімде техникалық жай-күйін тексеруге ұсынылмаған машиналар, техникалық жай-күйін тексеруден өтпеген деп танылады, ал қолданылып жүрген заңдарға сәйкес оларды пайдалануға уақытша тиым салынады.

71. Мемтехинспекция машинаның техникалық жай-күйіне тексеру жүргізгенде:

1) машиналардың кімге тиесілі екенін анықтайды, машиналар мен двигательдің тұрпатының, модельдерінің, шыққан жылдары мен зауыттық нөмірлерінің, мемлекеттік нөмір белгілерінің тіркеу құжаттарында жазылған мәліметтерге сәйкестігін тексереді;

2) машиналардың техникалық жай-күйінің, адамдардың өміріне, денсаулығына және мүлкіне, қоршаған ортаны қорғау қауіпсіздігінің талаптарына сәйкестігін, Қазақстан Республикасында белгіленген қолданыста жүрген стандарттарға, сертификаттарға, шығарған-зауыттардың пайдалану жөніндегі нұсқауларына және басқа да нормативтік құжаттамалар, сонымен қатар жол қозғалысы Ережелерінің және тіркеу құжаттарының (8-қосымша) талаптарына сәйкестігін тексереді. Міндетті тексеруге мыналар жатады: тежеу жүйесінің жұмысы, рулдік басқару, доңғалақ және шина, жарық және дыбыс жабдықтары, тіркеу құрылымы.

Тіркемелердің техникалық жай-күйі трактор поездың құрамында ( тарту-жалғау қондырғыларының және тежегіштің блокировкасын тексеру үшін) тексеріледі;

3) тракторшы-машинистердің тракторшы-машинист куәлігінің бар жоғын, осы категориядағы машинаны жүргізуге рұқсат беретін белгілерімен, машинаны жүргізуге жарамдылығы жөніндегі медициналық анықтаманың (медициналық қайта куәландыру мерзімдерінің сақталу) сәйкестілігін тексереді.

72. Тіркеу мәліметтерінен айырмашылықтар тапқанда, техникалық паспортта машина мен двигательдің зауыттық нөмірлері, мемлекеттік нөмір белгілері жасанды өзгертілген болса Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шаралар қолданылады.

73. Машиналар, нормативтік құжаттамада белгіленген талаптарға жауап бермесе немесе жол қозғалысы және қоршаған ортаны қорғау қауіпсіздігіне қауіп төндіретін ақауы болса, ақаулы деп есептеледі және Жолда жүру ережелеріне сәйкес (8-қосымша) оларды пайдалануға белгіленген тәртіппен тиым салынады.

74. Календарлық жылдың ішінде дайындаушы-зауыттардан шыққан және осы жылы тіркеу пункттерінде тіркелген жаңа машиналардың техникалық жай-күйін тексеру, олардың техникалық жай-күйін тексермей-ақ өткізіледі.

75. Техникалық жай-күйі тексеруден өткен машиналарға диагностикалық карта (9-қосымша) толтырылады, машиналардың техникалық жай-күйін тексеру журналында (10-қосымша) және тіркеу құжатына "Ақаусыз" деген жазу жазылады және пайдалануға рұқсат беретін талон (11-қосымша) беріледі, ол Мемтехинспекцияның инспекторының қолымен және тіркеу пунктінің штампымен куәландырылады. Талон кабинаның (оның ішкі жағынан) алдыңғы әйнегінің оң жақтағы төменгі бұрышына бекітілуі тиіс.

## 10. Машинаның техникалық жай-күйін тексеру нәтижелерін ресімдеу

76. Заңды тұлғалардың машиналарының техникалық жай-күйін тексерудің нәтижелері екі дана актімен (7-қосымша) ресімделеді.

Бірінші данасы заңды тұлғаның өкіліне беріледі, ал екіншісі анықталған кемшіліктерді жою барысына бақылау жасау үшін "Мемтехинспекцияда" қалады.

77. Жеке тұлғалардың, тек машиналарының құрылымының сәйкессіздігі байқалғанда немесе машиналарды пайдалануға рұқсат етілмейтін техникалық ақауы анықталған жағдайда ғана, техникалық тексеру нәтижелері актімен (12-қосымша) ресімделеді.

